

Конкурстық құжаттамаға

Сатып алынатын қызметтердің техникалық ерекшелігі (тапсырыс беруші толтырады)

Тапсырыс берушінің атауы Батыс Қазақстан облысы әкімдігі денсаулық сақтау басқармасының «Қаратөбе аудандық ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

Ұйымдастырушының атауы _____

Конкурстың № _____

Конкурстың атауы Қашықтан қол жетімді бағдарламалық өнімдерді пайдалану жөніндегі қызметтер, кешенді медициналық ақпараттық жүйе (ҚМИС)

Лоттың № _____

Лоттың атауы _____

Тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің бірыңғай номенклатуралық анықтамалығы кодының атауы*	620920.000.000014
Қызметтің атауы*	Қашықтан қол жетімді бағдарламалық өнімдерді пайдалану жөніндегі қызметтер, кешенді медициналық ақпараттық жүйе (ҚМИС)
Өлшем бірлігі*	Бір қызмет
Саны (көлемі)*	1
Қосылған құн салығын есепке алмағандағы бірлік бағасы *	3743400
Қосылған құн салығын есепке алмағанда, сатып алу үшін бөлінген жалпы сома *	3743400
Қызмет көрсету мерзімі*	Келісімшартқа қол қойған күннен бастап 2025 жылдың соңына дейін
Аванстық төлем мөлшері*	30

Кепілдік мерзімі (айлармен)	
Талап етілетін сипаттамалардың, параметрлердің және өзге де бастапқы деректердің сипаттамасы:	Кешенді медициналық ақпараттық жүйесі мүмкіндіктерінің сипаттамасы Терминдер мен анықтамалар Медициналық ақпараттық жүйе (МАЖ), Жүйе - денсаулық сақтау субъектілерінің процестерін электрондық форматта жүргізуді қамтамасыз ететін ақпараттық жүйе; Жүйенің меншік иесі - заңға немесе тиісті шартқа сәйкес ақпараттандыру объектісіне (бағдарламалық қамтамасыз ету/өнімдер) айрықша және (немесе) айрықша емес авторлық құқықтары бар тұлға. Жүйені иелену құқығын Жүйеге қатысты айрықша құқықтары бар Өнім беруші цифрлық денсаулық сақтау субъектілеріне беруге тиіс; Жүйенің иесі - жүйенің меншік иесімен жасалған шарт (келісім) негізінде ақпараттандыру объектісін иелену мен пайдаланудың айрықша емес құқықтарына ие цифрлық денсаулық сақтау субъектісі; Электрондық ақпараттық ресурстар (ЭАР) - электрондық жеткізгіште және ақпараттандыру объектілерінде қамтылған электрондық-цифрлық нысандағы деректер; Электрондық ақпараттық ресурстардың меншік иесі-қолжетімділігі шектеулі электрондық ақпараттық ресурстарды, оның ішінде жеке тұлғаның денсаулығы және оған көрсетілген медициналық қызметтер туралы құпия және мәліметтерді қамтитын электрондық ақпараттық ресурстарды құратын, жинақтайтын және қалыптастыратын цифрлық денсаулық сақтау субъектісі; АЖ - уәкілетті органның, медициналық көмек көрсетуге арналған шығындарды қаржылық өтеуге жауапты ұйымның және басқа да үшінші тұлғалардың ақпараттық жүйелері; Ұлттық электрондық денсаулық паспорты - уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес жеке тұлғаға да, денсаулық сақтау қызметкерлеріне де қолжетімді, электрондық денсаулық паспорттарын қамтитын уәкілетті органның электрондық ақпараттық ресурсы; Электрондық денсаулық паспорты - жеке тұлғаның денсаулық жағдайы мен оған көрсетілетін медициналық көмек туралы құрылымдалған дербес медициналық деректердің цифрлық денсаулық сақтау субъектілері бүкіл өмір бойы электрондық көздерден қалыптастыратын және уәкілетті орган бекіткен қағидаларға сәйкес жеке тұлғаға да, денсаулық сақтау қызметкерлеріне де қолжетімді жинағы; Электрондық медициналық жазба - медициналық көмек көрсетудің нақты жағдайына қатысты құрылымдалған дербес медициналық деректер жинағы; Дербес деректерді қамтитын База (бұдан әрі – база) - реттелген дербес деректердің жиынтығы; Дербес деректерді қамтитын базаның меншік иесі (бұдан әрі – меншік иесі) - Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес дербес деректерді қамтитын базаны иелену, пайдалану және оған билік ету құқығын іске асыратын мемлекеттік орган, жеке және (немесе) заңды тұлға; Дербес медициналық деректер – жеке тұлғаның денсаулығы мен оған көрсетілген медициналық қызметтер туралы мәліметтерді қамтитын, электрондық, қағаз немесе өзге де материалдық жеткізгіштерде тіркелген дербес деректер; Цифрлық денсаулық сақтау объектісі - электрондық ақпараттық ресурстар, бағдарламалық қамтылым, мобильдік денсаулық сақтау технологиялары, денсаулық сақтаудың ақпараттық және коммуникациялық инфрақұрылымы; Денсаулық сақтау субъектілері - денсаулық сақтау ұйымдары, сондай-ақ жеке медициналық практикамен және фармацевтикалық қызметпен айналысатын жеке тұлғалар; Цифрлық денсаулық сақтау субъектісі - цифрлық денсаулық сақтау саласында қызметті жүзеге асыратын немесе қоғамдық қатынастарға түсетін жеке және заңды тұлғалар, мемлекеттік органдар; Объектілік сәйкестендіргіш – объектімен байланысқан және объектілердің әлемдік адрестік кеңістігінде ауыстырмай сәйкестендіретін цифрлардың бірегей жиынтығы; Ақпараттандыру объектілері - электрондық ақпараттық ресурстар, бағдарламалық қамтылым, интернет-ресурс және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым; Ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілері – ақпараттық жүйелер, технологиялық платформалар, аппараттық-бағдарламалық кешендер, серверлік үй-жайлар (деректерді өңдеу орталықтары), телекоммуникациялар желілері, сондай-ақ техникалық құралдардың ақпараттық қауіпсіздігін және үздіксіз жұмыс

істеуін қамтамасыз ету жүйелері; Пайдаланушы – нақты функцияны және (немесе) міндетті орындау үшін ақпараттандыру объектілерін пайдаланатын ақпараттандыру субъектісі; Электрондық нысанда көрсетілетін интерактивті қызмет - пайдаланушыға оның сұрау салуы немесе тараптардың өзара ақпарат алмасуды талап ететін келісу бойынша электрондық ақпараттық ресурстарды беру. Электрондық нысанда көрсетілетін проактивті қызмет - қызмет көрсету субъектісінің бастамасы бойынша қызмет алу субъектісінің өтінішінсіз көрсетілетін қызмет; Бағдарламалық қамтылым – бағдарламалардың, бағдарламалық кодтардың, сондай-ақ оларды пайдалану үшін қажетті техникалық құжаттамасы бар бағдарламалық өнімдердің жиынтығы. Жүйені пайдалану кезіндегі тараптардың құқықтары мен міндеттері 1. Өнім беруші ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектісінің меншік иесі ретінде ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкес өзіне тиесілі ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерінде орналастырылған электрондық ақпараттық ресурстарды сақтау қауіпсіздігін және қорғауды қамтамасыз етеді. 2. МАЖ функционалын іске асыру кезінде Өнім беруші "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Кодекстің 57-бабының 2) тармақшасына сәйкес уәкілетті орган айқындайтын саясат пен стратегияны іске асыру құралы, әдіснаманың негізі болып табылатын стандарттардың басымдығын сақтай отырып, цифрлық денсаулық сақтаудың негізгі қағидатын басшылыққа алады. 3. Өнім беруші Тапсырыс берушіге осы техникалық ерекшелікте көзделген көлемде тапсырыс берушінің ЭАР қалыптастыру, сақтау және өңдеу үшін деректерді жинау жөніндегі МАЖ функционалын ұсынады. Бұл ретте Тапсырыс беруші деректердің дұрыстығына, оның ішінде цифрлық денсаулық сақтаудың басқа субъектілерімен ақпарат алмасу кезінде жауапты болады. 4. Жүйені пайдалану кезінде Тапсырыс берушінің персоналы құрған ЭАР Тапсырыс берушінің меншігі болады. Өнім беруші Тапсырыс берушінің деректерін өзінің серверлік ресурстарында сақтауды қамтамасыз етеді және Ақпараттандыру туралы заңының және Дербес деректер және оларды қорғау туралы заңының талаптарына сәйкес оларды қорғауды қамтамасыз етеді. Өнім берушінің АКТ объектісінде ЭАР сақтау мерзімі Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасындағы жеке келісіммен реттеледі. 5. Өнім беруші Тапсырыс берушіге "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының Кодексіне және "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес ДМД- ны (оның ішінде-Цифрлық медициналық карта (ЦМК) форматында) жинау, өңдеу, сақтау, беру және оған қол жеткізу жөніндегі талаптардың орындалуын қамтамасыз ету үшін МАЖ тетіктерін ұсынады. Жүйені пайдаланушы (Тапсырыс берушінің персоналы) осы талаптардың, оның ішінде, бірақ онымен шектелмей - дербес медициналық деректерді жинауға және өңдеуге келісім алу және медицина қызметкерінің құпиясын сақтау жөніндегі талаптардың орындалуына дербес жауапты болады. 6. Өнім беруші МАЖ-да осы техникалық ерекшелікте төменде көрсетілген сыртқы АЖ-мен интеграциялау тетіктерінің болуын қамтамасыз етеді. Бұл ретте сыртқы АЖ-де интеграциялық өзара әрекеттесу қызметін жүзеге асыратын үшінші тұлғаның – сыртқы АЖ иесінің уақтылы немесе дұрыс емес әрекеттерінен (немесе әрекетсіздігінен) туындаған сыртқы АЖ-мен интеграциялық өзара іс-қимылды уақтылы немесе дұрыс орындамағаны үшін, сондай-ақ сыртқы АЖ-нің дұрыс жұмыс істемеуінен туындаған сыртқы АЖ-мен интеграциялық өзара әрекеттестіктің болмауы немесе дұрыс еместігі үшін сыртқы АЖ иесі немесе иеленушісі ретінде үшінші тұлға жауапты болады. 7. Өнім беруші МАЖ-да пайдаланушылардың есептік жазбаларын құру, бұғаттау және жою, оларға Тапсырыс берушінің ресми сұранысына толық сәйкес рөлдер мен қол жеткізу құқықтарын беру жөніндегі технологиялық іс-шараларды жүзеге асырады. Және де, Тапсырыс беруші МАЖ-да есептік жазбаларды құруға, бұғаттауға және жоюға, оларға рөлдер мен қол жеткізу құқықтарын беруге, сондай-ақ есептік жазбаларды өз бетінше жоюға және бұғаттауға және МАЖ пайдаланушыларының құқықтарының жиынтығына өзгерістер енгізуге арналған сұрау салуларда ұсынылған

мәліметтердің дұрыстығы мен толықтығы үшін жауапкершілікті өзіне алады. Жүйенің интеграциялық мүмкіндіктері 8. Тапсырыс беруші Өнім берушіге осы бөлімде көрсетілген АЖ интеграциялары шеңберінде сыртқы АЖ ЭИР-мен Тапсырыс берушінің ЭИР-мен ақпараттық алмасу мақсатында интеграциялық құралдардың жұмыс істеуін қамтамасыз етуге уәкілеттік береді. Бұл ретте Тапсырыс беруші оның ұйымының денсаулық сақтау субъектісі болып табылатынына және аталған ақпарат алмасуға қатысуға құқығы бар екеніне кепілдік береді. 8.1 Осы бөлімде аталған интеграция құралдарының тізбесіне және (немесе) құрылымына өзгерістер Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасындағы қосымша келісімдермен реттеледі. 9. Жүйе Денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйелерімен өзара іс-қимыл жасау үшін қажетті деректерді, оның ішінде тиісті сервистер ұсынылған және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті органның ақпараттық жүйелері жағында қажетті жұмыстар жүргізілген кезде Ұлттық электрондық денсаулық паспортын қалыптастыру үшін қажетті деректерді енгізу, алу, көрсету және беру мүмкіндігі үшін құралдарды қамтамасыз етеді. 10. Жүйе ҚР ДСМ АЖ-мен өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігін қамтамасыз етеді: Бекітілген халық тіркелімі (БХТ): – ЖСН бойынша БХТ-дан жеке тұлғаның бекітілуі бойынша деректерді, демографиялық деректерді, әлеуметтік мәртебені алу; – датаға МСАК ұйымы бойынша халықты бекіту деректерін өзектендіру; – туу туралы куәлікті алғанға дейін анасының деректері бойынша БХТ-дан жаңа туған нәрестенің сәйкестендіргішін алу; Ресурстарды басқару жүйесі (РБЖ): – медициналық ұйымдар, функционалдық құрылым (бөлімшелер, кабинеттер), төсек қоры және РБЖ-дан қызметкерлер лауазымдарының тізімдері бойынша деректер алу; – РБЖ-дан анықтамалықтар мен сыныптауыштардың деректерін алу; Емдеуге жатқызу бюросы (ЕБ): – емдеуге жатқызу, емдеуге жатқыздудан бас тарту және емдеуге жатқызуға жіберу, стационар жоспарлаған емдеуге жатқызу күні туралы деректерді осы порталдан ЕБ порталының тиісті нысандары форматында алу; – емдеуге жатқызу, емдеуге жатқыздудан бас тарту және емдеуге жатқызуға жолдау, стационар жоспарлаған емдеуге жатқызу күні бойынша деректерді ЕБ порталына беру; – ЕБ-ден емдеуге жатқызуға жіберу, шұғыл емдеуге жатқызу фактісі бойынша қаржыландыру көзін алу және емдеуге жатқыздудан бас тарту; Стационарлық науқастардың электрондық тіркелімі (СНЭТ): – СНЭТ-тен шығару эпикризі және стационардан шыққандар туралы статистикалық картасы нысаны деректер форматы бойынша стационардан шыққан пациенттер туралы деректерді алу; – СНЭТ-тен шығару эпикризі және стационардан шыққандар туралы статистикалық картасы нысаны бойынша стационардан шыққан пациенттер туралы деректерді алу; Диспансерлік науқастардың электрондық тіркелімі (ДНЭТ): – пациентті Д-есепке қою/алу туралы мәліметтерді ДНЭТ-ке жіберу; – пациентті Д-есепке қою/алу туралы мәліметтерді ДНЭТ-тен алу; – клиникалық диагнозды нақтылау туралы мәліметтерді ДНЭТ-ке жіберу; "АЕК төлем жүйесі" модулі бірыңғай төлем жүйесі (АЕК БТЖ): – АЕК БТЖ-дан медициналық қызметке жолдама алу; – АЕК БТЖ-дан медициналық қызметке және жолдамасыз көрсетілетін қызметтерге жіберуге қаржыландыру көзін алу; – АЕК БТЖ-ға медициналық қызметке жолдаманы беру; – қызмет көрсету фактісі туралы мәліметтерді АЕК БТЖ-ға беру; – пациенттің алгоритм бойынша қызметтерді көрсете отырып және толтырылған чек-парағы бар скринингтік тексеруден өтуі туралы мәліметтерді АЕК БТЖ-ға беру; – АЕК БТЖ-дан скрининг-тексеру шеңберінде пациентке көрсетілген қызметтер туралы ақпаратты және жүргізілетін/жүргізілген скрининг-тексерулер туралы ақпаратты алу; Жүкті және фертильдік жастағы әйелдердің тіркелімі (ЖжәнеФЖӨТ): – пациентте ЖжәнеФЖӨТ-тан жүктілігі бойынша есепке алудың болуы туралы мәліметтерді алу; Жан басына шаққандағы нормативтің қосымша компоненті (ЖБНҚК): – жаңа туған нәрестенің патронажы туралы мәліметтерді ЖБНҚК-ға беру (жаңа туған нәрестенің ЖСН болмаған жағдайда анасының ЖСН-ін беру) "Медициналық-санитарлық алғашқы көмек көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 24 тамыздағы № ҚР ДСМ-90 бұйрығына сәйкес мемлекеттік қызметтерді кейіннен электрондық форматта көрсету үшін амбулаториялық деңгейдегі қызметтердің электрондық тіркелімі (АЕК): – АЕК-ке электрондық үкімет порталы арқылы сұратылған күні қабылдауды жүргізетін қызметтерге, дәрігерлерге және жазбаларға арналған бос слоттардың тізімін ұсыну; – АЕК-тен электрондық үкімет порталынан қабылдауға жазылу туралы мәліметтерді алу; – АЕК-ке электрондық үкімет порталы үшін жазба бойынша растауды немесе бас тартуды жіберу; – электрондық үкімет порталынан үйге шақыру бойынша АЕК-тен мәліметтерді алу; – электрондық үкімет порталынан алынған шақыруға қызмет көрсету туралы мәліметтерді АЕК-ке жіберу. БХТ "Вакцинация" АЖ модулі – пациенттің ЖСН-і бойынша вакцинация кезеңдерінен сәтті өтуі және туберкулин сынамалары туралы ақпарат алу; – жеке тұлғаға жасалған вакцинация түрлері және туберкулин сынамалары туралы фактілерді жіберу; – вакцинацияға медициналық қарсы көрсетілім туралы ақпаратты жіберу; – вакцинация салдарынан жұқпалы ауру туралы шұғыл хабарламалар жіберу. Клиникалық деректермен алмасу үшін электрондық құжаттарды сақтау: – АЕК БТЖ-дан жолдама бойынша қызмет көрсету нәтижесін файл түрінде беру. "Амбулаториялық-емханалық көмек" АЖ ҚР ДСМ НҚА сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету шеңберінде Жолдамалар Банкі: – "Медициналық-әлеуметтік сараптамаға қорытынды" 031/е нысаны, сондай-ақ "Мүгедектікті және/немесе еңбекке қабілеттілігінен айырылу дәрежесін белгілеу және/немесе қажетті әлеуметтік қорғау шараларын айқындау" мемлекеттік қызмет көрсету шеңберінде деректерді беру; – "Көлік құралын басқаруға рұқсат беру туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсету шеңберінде "Көлік құралын басқаруға рұқсат алу туралы медициналық анықтама" 073/е нысанының көлемінде деректерді беру; – "Алдын ала міндетті медициналық тексеруден өту" мемлекеттік қызмет көрсету шеңберінде "Медициналық анықтама (дәрігерлік кәсіби-консультативтік қорытынды)" 075/е нысанының көлемінде деректерді беру; – "Еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама беру" мемлекеттік қызмет көрсету шеңберінде "Еңбекке уақытша жарамсыздық туралы анықтама" 038/е нысанының көлемінде деректерді беру; – "Санаторийлік-курорттық емдеу қажеттілігі туралы қорытынды беру" мемлекеттік қызмет көрсету шеңберінде "Санаторийлік - курорттық карта" 069/е нысанының көлемінде деректерді беру; – "Мүгедектігі бар балаларды үйде оқытуға жұмсалған шығындарды өтеу" мемлекеттік қызметін көрсету шеңберінде "Дәрігерлік-консультациялық комиссия қорытындысы" 026/е нысаны көлемінде деректерді беру. 11. Жүйе "электрондық үкімет" АЖ-мен өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігін қамтамасыз етеді: – дербес деректерді жинауға және беруге келісім алу бөлігінде "Дербес деректерге қол жеткізуді бақылау" сервисімен интеграциялау; – мобильді азаматтар базасында мобильді нөмірді тіркеу туралы ақпарат алу бөлігінде "Мобильді үкімет" ақпараттық жүйесінің "Мобильді азаматтар базасы" компонентімен интеграциялау. 12. Жүйе пациенттің сақтандыру мәртебесін алу бөлігінде "ӨМСҚ" КЕАҚ Сақтандыру АЖ-мен өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. 13. Жүйе Ұлттық сараптама орталығының (ҰСО) ЗАЖ-мен зертханалық зерттеулер бойынша мәліметтерді беру бөлігінде өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. 14. Жүйе МТЭЖ АЖ - мен (Республикалық медициналық институт - РМИ) пациенттің медициналық куәландырудан өтуі және нәтижесі туралы мәліметтер алу бөлігінде өзара іс-қимыл жасау мүмкіндігін қамтамасыз етеді. 15. Жүйе келесі қызметтер көлемінде емдеу-диагностикалық процестің үздіксіздігін қамтамасыз ету үшін қажетті ақпаратпен алмасу мақсатында сыртқы АЖ-мен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді: 15.1. Жедел жәрдем диспетчерлік ақпараттық жүйелері: – жедел жәрдем қызметі активтерін автоматты түрде қабылдау; – пациентті қабылдау бөліміне жеткізу кезінде жедел жәрдем карталары көлемінде ақпарат алу және емдеуге жатқыздан бас тарту немесе жеткізілген пациентті шығару туралы мәліметтерді беру. 15.2. Зертханалық ақпараттық жүйелер мына бөлігінде: – зертханалық

ақпараттық жүйелерге (ЗАЖ) зертханалық зерттеулерге жолдамаларды беру; – ЗАЖ-дан зертханалық талдау нәтижелерін алу. Аналитика, динамиканы қадағалау, есептілікті құру үшін зерттеу параметрлері тұрғысынан алынған нәтижелерді пайдалану үшін зерттеу орындаушысының ЗАЖ жағында нәтиже қалыптастыру кезінде жүйенің зертханалық зерттеу параметрлерінің жіктеуішін қолдану міндетті шарт болып табылады. 15.3. Тапсырыс берушінің есеп жүйесі: – медициналық ұйымның басқа ақпараттық жүйелеріне пациенттердің сәйкестендіргішін (кодын), дәрілік заттардың атауын, санын және сәйкестендіру деректерін көрсете отырып, дәрілік заттарды босату, есептен шығару фактісі туралы ақпарат беру; – дәрілік заттардың қалдықтары туралы ақпарат алу; – сыртқы жүйелер үшін ақылы қабылдауға жазбалар, қызметтер мен операциялар туралы ақпарат беру және сыртқы жүйелерден төлем фактісін алу. 15.4. Фискалдық деректер операторы АЖ (webkassa) фискалдық чекті, кассалық есептерді алу үшін онлайн касса сервисі арқылы деректерді Фискалдық деректер операторының серверіне беру бөлігінде. 15.5. Электрокардиографиялық зерттеулер бойынша ақпараттық жүйелер – ЭКГ қызметіне жіберу туралы ақпаратты беру; – көрсетілген ЭКГ қызметі бойынша нәтиже алу. 16. Жүйе Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес дербес деректерді қамтитын базаның меншік иесі ретінде Тапсырыс берушінің міндеттерін іске асыруды қамтамасыз ету үшін тапсырыс берушінің ЭАР-дан пациенттің қосымшасына деректерді автоматты режимде ұсынудың технологиялық мүмкіндігін қамтамасыз етеді. 16.1. Пациентпен өзара іс қимыл жасау және оған электронды түрде интерактивті қызметтер көрсету мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін жүйе автоматты режимде сервистердің жұмыс істеуін қамтамасыз етеді: – пациенттің қосымшасында орналастыру үшін медициналық ұйым, мамандар және көрсетілетін қызметтер туралы ақпарат беру; – қабылдауға жазылу үшін қолжетімді уақыт туралы пациенттің қосымшасы үшін ақпарат беру; – пациенттің қосымшасынан қабылдауға жазылу туралы ақпарат алу; – пациенттің дербес деректерін ұсыну, оның ішінде сақтандыру мәртебесі, туыстары, тіркелуі туралы ақпарат; – пациенттердің сауалнамаларына жауап алу; – өзін-өзі жазу кестесінің жоқтығы туралы пікірлерді алу; – құжаттарды тексеру үшін құжаттардың qr-коды бойынша ақпарат беру, – пациенттің дербес деректерін ұсыну - белгіленген маркерлер, білімі, әлеуметтік мәртебесі, жұмыс орындары, мекенжайлары, жеке басын куәландыратын құжаттары туралы ақпарат; – пациент алған медициналық қызметтер, зертханалық және диагностикалық зерттеулердің нәтижелері туралы ақпарат беру; – жазылған рецепттер туралы ақпарат беру; – берілген еңбекке жарамсыздық парақтары/анықтамалары туралы ақпарат беру; – үйге шақыру туралы ақпарат беру; – қабылдауға жазылу туралы ақпарат беру; – стационардан шығару туралы ақпарат беру; – пациент жүктеген файлдарды алу; – пациент тұратын диспансерлік есепке алу топтары туралы ақпарат беру; – консультациялық және диагностикалық қызметтерді алуға жазылған жолдамалар туралы ақпарат беру; – жоспарлы емдеуге жатқызуға жазылған жолдамалар туралы ақпарат беру; – пациенттің денсаулық көрсеткіштері туралы ақпарат алу; – жағдай мониторингі бойынша ақпарат алу; – дербес деректерде қателер туралы хабарламалар алу; – медициналық деректер бойынша кері байланыс алу. 16.2. Тапсырыс беруші ҚР Дербес деректер және оларды қорғау туралы Заңының 25-бабы 2-тармағы 1-тармақшасының ережелеріне сәйкес көрсетілген деректер тізбесін шектеуге құқылы. 16.3. Тапсырыс беруші осы ерекшеліктің 16-тармағында көрсетілген, пациентпен оған электрондық түрде интерактивті және проактивті қызметтер көрсету шеңберінде өзара іс-қимыл жасау үшін қажетті деректерді қалыптастыру бойынша қажетті ұйымдастыру іс-шараларын қамтамасыз етеді. 17. Өнім беруші Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес дербес деректерді қамтитын базаның меншік иесі ретіндегі Тапсырыс берушінің міндеттерін іске асыру үшін пациенттің қосымшасының (өнім берушінің тиісті келісімі бар өзінің немесе үшінші тұлғаға тиесілі) БҚ-ға қосылуын ұйымдастыруға тиіс, сондай-ақ медициналық көмек көрсету процесінде Тапсырыс беруші ұйымының пациентпен өзара әрекеттесу мүмкіндігін,

кері байланысты қамтамасыз ету және келесі қызметтерді көрсету үшін пациентпен коммуникацияны жақсарту үшін: 17.1. электрондық түрдегі проактивті қызметтер: - Учаскелік дәрігерге жазылу және учаскелік дәрігерді үйге шақыру; - Белсенді жолдама бойынша қабылдауға жазылу; - Д-есепке алу топтары және белгілі бір мамандықтар бойынша жолдамасыз қабылдауға жазылу; - Ақылы қызметтерге қабылдауға жазылу; - Қабылдауға жазылу үшін қолжетімді уақытты таңдау; - Клиникаларды іздеу; - Мамандарды іздеу; - Дәрілердің аналогтарын іздеу; - Құжаттарды тексеру; - Жұмыс кестесін қарау және қолжетімді уақытты қарау; - Жеке деректерді қарау: дербес деректер, сақтандыру мәртебесі; тіркеу туралы ақпарат, жеке басты куәландыратын құжаттар, әлеуметтік мәртебелер, жұмыс орындары, маркерлер, отбасы туралы мәліметтер; - Пациенттің жеке деректеріндегі қателер туралы кері байланысты қабылдау; - Медициналық деректерді қарау: Қабылдауға жазылу, Үйге шақырулар, Диагностикалық зерттеулердің нәтижелері, Зертханалық талдаулардың нәтижелері, Жазылған рецептер, Берілген еңбекке жарамсыздық парақтар/анықтамалар, Консультациялық және диагностикалық қызметтерді алуға жазылған жолдамалар, Жоспарлы емдеуге жатқызуға жазылған жолдамалар, Пациентті диспансерлік есепке алу топтары; - Бағалауларды, пікірлерді толтыру арқылы медициналық деректер бойынша кері байланыс алу; - Денсаулық көрсеткіштерін жүргізу; - Жағдай мониторингін толтыру; - Сауалнамалардан өту; - Медициналық деректер бойынша берілген пікірлерге жауаптарды қарау; - Жеке деректер бойынша берілген пікірлерге жауаптарды қарау; - Өзін-өзі жазу кестелерінің болмауы туралы пікірлерге жауаптарды қарау. Және де, ҚР Ақпараттандыру туралы заңның 19-бабы 2-тармағына сәйкес интерактивті қызметтер электрондық түрде ЭЦҚ тетігін қолданбай көрсетіледі. Жүйе жекелеген интерактивті қызметтерді электрондық түрде көрсету үшін ЭЦҚ көмегімен растау тетігін қолдануды қосу мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс. Мұндай қызметтер тізбесі Тапсырыс беруші мен Өнім беруші арасындағы қосымша келісіммен айқындалады. 17.2. электрондық түрдегі проактивті қызметтер: - Пациентті флюорографиялық тексеруден өту қажеттілігі туралы хабардар ету; - Пациентті профилактикалық тексеруден (скринингтен) өту қажеттілігі туралы хабардар ету; - Тәуліктік стационарда жатқан және мұндай хабарламаға келіскен пациенттің жағдайы туралы контактілер ретінде көрсетілген тұлғаларға хабарлама беру. 17.3. Өнім беруші Тапсырыс берушінің сұрауы бойынша Тапсырыс беруші айқындаған пациенттің қосымшасы БҚ қосу мүмкіндігі үшін өзара іс-қимыл спецификациясын ұсынуға міндетті. 18. Жүйе денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекіткен ұлттық сәйкестендіргіштерді қолдауға және олардың талаптарына сәйкес келеді. 19. Жүйе жіктеуіштерді, анықтамалықтарды қолдауы және медициналық ұйымның бейініне сәйкес денсаулық сақтау ұйымдарының бастапқы медициналық құжаттамасының деректер жиынтығын жүргізуді қамтамасыз етеді. Денсаулық сақтау субъектілерінің ЭАР ақпараттық алмасу шеңберіндегі Жүйенің интеграциялық мүмкіндіктері 20. Тапсырыс беруші Өнім берушіге өз ЭАР қалыптастыру үшін Өнім берушінің жүйесін пайдаланатын басқа да денсаулық сақтау субъектілерінің ЭАР-мен Тапсырыс берушінің ЭАР-мен ақпарат алмасу мүмкіндігін қамтамасыз етуді, ҚР Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы Кодексінің 60-бабының 4-тармағына сәйкес медициналық көмек көрсету мақсатында пациенттердің ДМД жинау үшін тапсырады. Ақпараттық алмасу сұраныс бойынша Жүйенің тетіктері арқылы жүзеге асырылуы тиіс: – Тапсырыс беруші ұйымының персоналының сұрау салуы бойынша басқа денсаулық сақтау субъектілерінің ЭАР-нан Жүйе құралдары арқылы пациенттің ДМД сұрату. Бұл ретте Жүйенің құралдарымен сұрау салуды жүзеге асыратын пайдаланушы хабардар етіледі және Қазақстан Республикасының ДМД саласындағы қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтау үшін жауапкершілікпен келіседі. Тапсырыс беруші пациенттердің ДМД жинауға, өңдеуге және сақтауға келісімін алу бойынша барлық қажетті іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді. – Тапсырыс берушінің ЭАР-нан пациенттердің ДМД-сын денсаулық

сақтаудың басқа субъектілерінің сұрауы бойынша. Бұл ретте, Жүйе арқылы сұрау салуды жүзеге асыратын пайдаланушы хабардар етіледі және Қазақстан Республикасының ДМД саласындағы қолданыстағы заңнамасының талаптарын сақтау үшін жауапкершілікпен келіседі. Ақпараттық қауіпсіздік және деректерді қорғау талаптарын қамтамасыз ету жөніндегі функционал

21. Жүйе электрондық форматта мемлекеттік қызметтер көрсету үшін электрондық құжаттар мен құжаттардың бөліктерін аутентификациялау және қол қою үшін ҚР ҰКО ЭЦҚ пайдалану бойынша функционалды қамтамасыз етеді. 22. Жүйе ҚР ҰКО ЭЦҚ пайдалану міндеттілігін баптау функционалын қамтамасыз етеді. 23. Жүйе арналар арқылы беру процесінде (деректерді шифрлау, берудің қауіпсіз хаттамаларын пайдалану) жеке тұлғалардың (пациенттердің) дербес медициналық деректерінің сақталуын және құпиялылығын техникалық деңгейде қамтамасыз етеді. Жүйеде қолданылатын дерекқорды басқару жүйесі деректерді шифрлауды қолдайды. Жүйе ақпаратты рұқсатсыз қол жеткізуден қорғау құралдарын қамтамасыз етеді, атап айтқанда: – құпиясөздерді немесе аутентификациялық белгілерді (цифрлық сертификаттар, токендер, смарт-карталар, бір реттік құпиясөз генераторлары және биометриялық сәйкестендіру құралдары) құру мен енгізуді қоса алғанда, әртүрлі параметрлер комбинациясының көмегімен пайдаланушының төлнұскалығын тексеру; – Жүйенің ақпараттық-есептеу ресурстарына және ондағы іс-әрекеттерге қол жеткізу құқықтарын анықтау үшін пайдаланушыны авторизациялау; – объектілердің иерархиясын және ұйымдық құрылымға жататындығын ескере отырып, жүйені пайдаланушылардың құқықтарын рөлдер, топтар және қол жеткізу деңгейі бойынша ажырату; – Жүйенің маңызды функциялары мен қосымшалары бар пайдаланушылардың жұмысын тіркеу; – жүйелік файлдарды өзгерістерден немесе бүлінулерден қорғау. 24. Медициналық ұйым Жүйені электрондық ақпараттық ресурстарды қалыптастыру үшін пайдаланатын болады, Қазақстан Республикасы Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрінің 2019 жылғы 3 маусымдағы № 111/НҚ бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 18795 болып тіркелген) бекітілген және Қазақстан Республикасы "Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Заңына сәйкес ақпараттық қауіпсіздік талаптарына сәйкестікке сынау актісі бар. 25. Медициналық ұйым Жүйені пайдалануды аяқтаған кезде, Өнім беруші түпкілікті пайдаланушылар үшін негізгі деректерді уәкілетті органдардың сұрау салулары бойынша электрондық, құрылымдалған, ашық түрде (деректер базасы немесе электрондық кестелер) заңнама талаптарына сәйкес шығарып беруді қамтамасыз етеді. Өнім берушінің мамандары осы техникалық ерекшелікке №1 қосымшаға сәйкес жүктеуді жүзеге асырады. Тапсырыс беруші 20 жұмыс күні ішінде жүктеудің №1 қосымшаға сәйкестігін тексеруді жүзеге асырады. Сәйкес келмеген жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім беруші сәйкессіздікті жойғанға дейін жүктеуден бас тарта алады. 26. Өнім беруші Қазақстан Республикасының резиденті. Дербес медициналық деректерді жинауды, сақтауды және өңдеуді қамтамасыз ететін серверлік жабдық пен бағдарламалық қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының аумағында орналастырылған. 27. Жүйе сенімді IP-адресстер тізбесі бойынша пайдаланушылардың қолжетімділігін шектеу тетіктерінің болуын қамтамасыз етеді және Интернетке қол жеткізудің бірыңғай шлюзі арқылы қосылған. 28. Жүйе пайдаланушыларға олардың жұмыс уақыты бойынша Жүйеге кіруді шектеу функциясын қамтамасыз етеді. 29. Жүйе пайдаланушылардың есептік жазбаларын құру, жою және өңдеу функционалын қамтамасыз етеді. 30. Жүйе пайдаланушылардың рөлдерін құру, жою және өңдеу функционалын қамтамасыз етеді. 31. Жүйе белгілі бір пайдаланушыларға рөлдерді бекіту функционалын қамтамасыз етеді (бір пайдаланушының бірнеше рөлі болуы мүмкін). 32. Жүйе жеке медициналық деректерді жасау, жою және өзгертулер енгізу бойынша пайдаланушы әрекеттерін журналдау функционалдың қамтамасыз етіп белгілі бір уақыт кезеңі ішінде нақты пайдаланушылардың әрекеттерімен журналдарды (логтарды) қарауды қамтамасыз етеді. 33. Жүйе пайдаланушының жүйеге кіруіне

уақытша тыйым салу функционалын қамтамасыз етеді. 34. Жүйе бастапқы, бір реттік құпиясөздерді жасау функционалын қамтамасыз етеді. 35. Жүйе құпиясөздерді өзгерту функционалын қамтамасыз етеді. 36. Жүйе қолжетімділік аудиті бойынша (пайдаланушылардың табысты және сәтсіз кіру әрекеттері), оның ішінде ҰКО ЭПҚ-мен функционалдылықты қамтамасыз етеді. 37. Өнім беруші ҚР СТ ISO/IEC 27002-2015 "Ақпараттық технология. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету әдістері мен құралдары. Ақпаратты қорғауды басқару құралдары бойынша қағидалар жинағы" және ақпараттық-коммуникациялық инфрақұрылым деңгейінде Жүйеде деректердің сақталуын, қорғалуын қамтамасыз етеді. Бұл ретте Тапсырыс беруші ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптарды сақтау жөніндегі іс-қимылдарды жүзеге асырады, оның ішінде: – Жүйе ЭАР-на рұқсатсыз кірудің алдын алу бойынша барлық қажетті шараларды қамтамасыз етеді: Тапсырыс беруші пайдаланушыларының үшінші тұлғаларға өзінің дербес аутентификациялық деректерін (логин, құпиясөз, авторизация коды бар SMS-хабарлама, электрондық-цифрлық қолтаңба және т.б.) беруіне жол бермеу; – пайдаланушылардың жұмыс станцияларында зиянды бағдарламалардан қорғауды қамтамасыз етеді, антивирустық бағдарламалық жасақтама мен браузерлердің нұсқаларын үнемі жаңартып отыруды қамтамасыз етеді; – Тапсырыс беруші қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарына және (немесе) еңбек шартының талаптарына АҚ-ны қамтамасыз ету бойынша функционалдық міндеттерді енгізеді. Бұл ретте, еңбек шартының қолданылуы тоқтатылғаннан кейін күші бар АҚ қамтамасыз ету саласындағы міндеттемелер Тапсырыс беруші қызметкерлерінің еңбек шартында бекітіледі; – АҚ инциденттері, сондай-ақ АҚ-ны бұзудың ықтимал жағдайлары туындаған кезде Өнім берушіге жәрдем көрсетеді және Өнім берушінің сұрауы бойынша АҚ инцидентін (АҚ-ны бұзудың ықтимал жағдайлары) тергеп-тексеруді жүргізу үшін қажетті мәліметтерді ұсынады. 38. Тапсырыс беруші цифрлық рұқсаттар картасы тетігін пайдалана отырып өзінің медициналық ұйымы қызметкерлерінің ЦМК-ге кіруін басқару мүмкіндігіне ие. 39. Жүйе медициналық ұйымның өзі меншік иесі болып табылатын пациенттің жеке медициналық деректерін пациенттің немесе оның заңды өкілінің сұрауы бойынша белгілі бір кезең ішінде немесе белгілі бір критерийлер бойынша жүктеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Жүйені пайдаланушыларды оқыту және қолдау 40. Өнім беруші пайдалану процесінде туындайтын мәселелер бойынша шарттың бүкіл қолданылу мерзіміне кеңес беру үшін пайдаланушыларды қолдау қызметінің қызметтерін ұсынады. 41. Пайдаланушыларды қолдау қызметінің қызметтерін Өнім беруші шарттың бүкіл қолданылу мерзіміне тәулігіне 24 сағат, аптасына 7 күн режимінде ұсынуы тиіс. 42. Пайдаланушыларды қолдау қызметтері мыналарды қамтиды: – Жүйедегі қателерді түзету; – Пайдаланушыларға Жүйенің функцияларын дұрыс пайдалануға көмектесу; – Жүйені пайдалану барысында туындайтын мәселелер бойынша пайдаланушыларға кеңес беру; – Жүйенің жаңа нұсқаларын ұсыну. Жаңарту туралы ақпарат Жүйенің басты бетінде және Telegram ақпараттық арнасында жарияланады. – Пайдаланушы берген өтінімдерге сәйкес пайдаланушылардың есептік жазбаларын құру. 43. Жүйені пайдалану процесінде туындайтын мәселелер бойынша пайдаланушыларға кеңес беру келесі тәсілдермен ұсынылады: – Телефон қоңыраулары; – Электрондық поштасы арқылы; – Пайдаланушылардың өтініштерін электрондық тіркеу қызметі; – Пайдаланушыға қашықтан қол жеткізу; – Telegram-бот. 44. Өнім беруші Тапсырыс берушінің өтінімі бойынша шартқа қол қойылғаннан кейін Жүйенің функционалы бойынша онлайн оқыту жүргізуге міндеттенеді. Жаңа функционалды қосқаннан кейін Өнім беруші жаңа функционал жөнінде онлайн режимінде оқытады. Тапсырыс беруші оқу кестесіне сәйкес қызметкерлердің оқуға қатысуын қамтамасыз етеді. Өнім беруші оқытуға арналған платформаны Telegram білім беру арнасында өткізілетін вебинарлар туралы хабарламамен ұсынады. 45. Тапсырыс берушінің өтінімдері бойынша қайта оқыту қызметтерін және/немесе Тапсырыс берушінің медициналық ұйымы үшін дербес консультанттың қызметтерін ұсыну өтеулі негізде жекелеген

қосымша келісімдермен реттеледі. Жүйенің жалпы функционалдық мүмкіндіктері 46. Жүйе денсаулық сақтау, ақпараттандыру және ақпараттық қауіпсіздік саласындағы қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге сәйкес бизнес-процестерді іске асырады. 47. Жүйе пайдаланушы интерфейсінің көптілділігін қолдайды (мемлекеттік және орыс тілдерін қолдау). 48. Жүйе халықтың/пациенттердің тізілімін жүргізу бөлігінде мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: – ДСМ АЖ-мен интеграциялау жолымен МҰ қызмет көрсететін халық тізілімін қалыптастыру, жүргізу және басқару; – жүйе пациенттерінің тізілімінде пациентті ЖСН, Аты-Жөні, Туған күні бойынша іздеу; – ДСМ АЖ-да жоқ пациенттер жүйесін пациенттер тізіліміне қосу; – жүйе пациенттерінің тізіліміне пациентті қосқан кезде ДСМ АЖ өрістерінің тізбесіне сәйкес демографиялық және тіркеу деректерін енгізу, сақтау және көрсету; – жүйе пациенттерінің тізіліміне қолмен қосылған барлық пациенттер үшін бірегей сәйкестендіргіш беру және бір жеке тұлға бойынша деректердің қайталануын болдырмау. 49. Жүйе Жүйеде тіркелген деректерді, сондай-ақ ДСМ АЖ-мен және жоғарыда көрсетілген 10-15-тармақшаларға сәйкес басқа да сыртқы АЖ-мен интеграциялау жолымен алынған деректерді пайдалана отырып, ЦМК үшін деректерді басқарудың мынадай функционалдық мүмкіндіктерін қамтамасыз етеді: – медициналық жазбалар мен зерттеу суреттерінің деректерін қарау мүмкіндігімен пациенттің медициналық ұйымға барлық баруы туралы ақпаратты жинау, сақтау; – зерттеу нәтижелерін қарау мүмкіндігімен пациентке жүргізілген зертханалық талдау туралы ақпаратты жинау, сақтау және көрсету; – орындалған емшаралар мен манипуляциялар туралы мәліметтерді жинау, сақтау және көрсету; – жедел жәрдем шақыру деректерін жинау, сақтау және көрсету; – пациентті емдеуге жатқызу және емдеуге жатқыздан бас тарту туралы ақпаратты жинау, сақтау және көрсету; – бару кезінде пациенттерге тағайындалған дәрі-дәрмектер туралы ақпаратты жинау, сақтау және көрсету; – пациенттің диагнозы бойынша деректерді жинау, сақтау және көрсету; – пациентті динамикалық бақылау туралы мәліметтерді жинау, сақтау және көрсету; – иммундау деректерін жинау, сақтау және көрсету; – пациенттің еңбекке жарамсыздық парақтары мен анықтамаларын жинау, сақтау және көрсету. 50. Жүйе анықтамаларды қалыптастыру және беру бөлігінде мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: – есепке алу құжаттарын жүргізу бойынша НҚА-ға сәйкес анықтамаларды тіркеу; – ДСМ АЖ интеграциялау шеңберінде 10-т-та көрсетілген мемлекеттік қызметті көрсету бойынша анықтаманы ұсынған жағдайда нөмірі көрсетілген және ЭЦҚ-мен қол қою мүмкіндігі бар анықтамаларды қалыптастыру және беру; – жабылған анықтамалар журналын қалыптастыру; – ДҚК қорытындылары журналы және, хаттамасын, жолдаманы қалыптастыру. 51. Жүйе иммунопрофилактика бөлігінде мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: – профилактикалық егулердің ұлттық күнтізбесіне сәйкес иммундау жоспарын қалыптастыру; – жасына сәйкес, медициналық қарсы көрсетілім, жасалған егулерді, әртүрлі егулер арасындағы ұсынылатын кезеңдерді ескере отырып жеке иммундау жоспарын қалыптастыру; – халықты және қызмет көрсетілетін оқу орындарын бекіту туралы деректер негізінде профилактикалық егулер жүргізу жоспарын қалыптастыру; – иммунизацияға мед. қарсы көрсетілімдер мен бас тартуды тіркеу; – егулерді орындау, сондай-ақ иммундаудан бас тарту және медициналық қарсы көрсетілімдер деректері негізінде емшара кабинетінің иммунопрофилактика жоспарының орындалуын мониторингілеу; – профилактикалық егулер картасын қалыптастыру. 52. Жүйе емшара кабинеттерінде дәрігерлердің тағайындауы бойынша орта медицина қызметкерлері орындайтын емшараларды жүргізуді қамтамасыз етеді: – емшараларға жолдамалардың тізімін көрсету; – тағайындалған емшараларды орындау фактілерін тіркеу; – қажет болған жағдайда, егер емшара бір рет емес, сеанспен орындалса, әрбір жеке жоспарланған емшараның орындалуын тіркеу мүмкіндігімен күні, сағат бойынша емшараны орындау кестесін құру мүмкіндігі; – емшараларға бару кестесінің орындалуын мониторингілеу; – емшаралар

журналын басып шығару мүмкіндігі. 53. Жүйе халықты флюорографиялық тексеру бөлігінде мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: – кәсіптік қатыстылығы мен білімі туралы, әлеуметтік мәртебесі, медициналық санаты және д-есебі туралы мәліметтер негізінде пациенттерді флюоротексеру жоспарын қалыптастыру. – флюорографиялық тексеруге жоспарланған, өсу арқылы қалыптасатын ай сайынғы тізімдерді және флюорографиялық тексеруден өткен тізімдерді қалыптастыру; – флюорокабинеттер жұмысының деректері негізінде флюорографиялық тексерулерді орындау жоспарының мониторингі – флюорографиялық зерттеуден өткен пациенттерді тіркеу журналын жүргізу; – флюорографиялық зерттеу нәтижелерін тіркеу және қарау; – пациенттің қосымша тексерілуін тіркеу; – профилактикалық флюорографиялық тексерулер картасын қалыптастыру және басып шығару; – пациенттің қосымшасын пайдаланған жағдайда электрондық тәсілмен флюорографиялық қарап-тексеруден өту қажеттілігі туралы пациентті хабардар ету. 54. Жүйе еңбекке уақытша жарамсыздық парақтары мен анықтамаларын қалыптастыру бөлігінде мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: – еңбекке уақытша жарамсыздық парақтары мен анықтамаларын тіркеу және ұзарту; – уақытша еңбекке жарамсыздық парағын бөлімше меңгерушісімен және ДҚК мүшелерімен келісу; – қолданыстағы НҚА-ға сәйкес еңбекке жарамсыздық парағының бланкісінде уақытша еңбекке жарамсыздық парағын қалыптастыру және басып шығару; – баланың, оқушының, студенттің уақытша еңбекке жарамсыздығы туралы; мас болу салдарынан ауырған кезде уақытша еңбекке жарамсыздығы туралы; науқас баланы күту бойынша жұмыстан уақытша босату туралы анықтамаларды қалыптастыру; – таңдалған критерийлер бойынша уақытша еңбекке жарамсыздық парақтары журналын қалыптастыру және қарау (уақытша еңбекке жарамсыздық парағының мәртебесі, кезеңі, пациенттің аты-жөні). 55. Жүйе ақылы медициналық қызметтер үшін мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: – көрсетілетін медициналық және медициналық емес қызметтерге прејскурант жүргізу; – шоттарды қалыптастыру кезінде автоматты түрде қолдану үшін жеңілдіктер мен үстеме бағаларды жүргізу; – тағайындалған және көрсетілген қызметтер үшін төлемді қабылдауды және қаражатты қайтаруды тіркеу (касса); – алдын ала жазылмай және жолдамаларсыз көрсетілген қызметтер үшін ақы төлеуді қабылдауды тіркеу; – көрсетілген стационарлық көмек (қызметтер, ДЗ/ММБ, өткізген төсек-күндер, тамақтану) үшін төлемді қабылдауды және қаражатты қайтаруды тіркеу; – жарақат пунктінде көрсетілген көмек үшін төлем қабылдау және қаражатты қайтаруды тіркеу; – алдын ала төлемсіз көрсетілмейтін қызметтерді баптау және осындай қызметтерге қабылдау кезінде төлемді бақылау; – ДЗ/ММБ номенклатурасын және олардың төлемдерді қабылдау үшін құнын енгізу; – заңды және жеке тұлғалармен ақылы медициналық қызметтер көрсетуге арналған шарттарда шарттар тізілімін және баға прејскурантын жүргізу; – "Касса" модулінде есептерді қалыптастыру. 56. Жүйе медициналық көмек көрсетуді қолдауға арналған құралдарды ұсынады: – таңдалған диагнозға байланысты диагностика және емдеу хаттамаларын қарау; – медициналық құжаттама мен тағайындаулардың жүйелік үлгілерін пайдалану, сондай-ақ пайдаланушы үлгілерін жасау; – медициналық құжаттама мен тағайындаулар үлгілерін баптау, қолданыстағы медициналық құжаттар үлгілерін өзгерту (жаңа нұсқаларын жасау). 57. Жүйе клиникалық-диагностикалық зертхана модулі бөлігінде мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: – зертханалық зерттеулерге жолдама алу; – зертханалық зерттеуге жолдаманы тіркеу, оның ішінде келіп түскен материалды тіркеу; – жолдамаларды критерийлер бойынша сүзгілеумен қарау; – материалды зертханаға жеткізу күнін көрсету мүмкіндігімен тапсырыстарға ілеспе парақты қалыптастыру; – пациентті сәйкестендіре отырып, штрих-кодты беру және оқу мүмкіндігімен тапсырыстың бірегей сәйкестендіру нөмірін беру; – пайдаланушы баптауларын ескере отырып, зертханаішілік тапсырыс нөмірін беру; – бірнеше қызметтермен және әр түрлі материалдармен тапсырысты қалыптастыру; – жұмыс орнына

қатысты қызметтер негізінде зерттеулерді жұмыс орындары бойынша автоматты бөлу; – бірін-бірі алмастыратын қызметтерге өзгерту және бірін-бірі алмастыратын қызметтер тізбесінен тапсырысқа қосымша қызметтер қосу; – зертханалық зерттеулердің нәтижелерін қолмен енгізу және анализаторлардан нәтижелер алу мүмкіндігі; – "Медициналық жазба" зерттеу параметрінің түрі үшін зерттеу параметрлеріне байланысты әртүрлі типтегі нәтижелерді енгізу нәтижелер үлгілерін пайдалану мүмкіндігі; – расталмаған нәтижелерді қарау, өңдеу және жою; – зертхананың уәкілетті қызметкерінің зертханалық зерттеулер нәтижелерінің жарамдылығын растауы; – зертханалық зерттеуге тапсырыс жіберу және қабылдау кезінде материалды бракераждау; – жүргізілген зерттеудің ішінара енгізілген нәтижесін тіркеу; – нәтижелерді басып шығару; – жас ерекшелігіне, жынысына және зерттеу параметріне байланысты референттік мәндерді баптау; – зертханалық диагностика жүргізудің талдамалық кезеңінде бақылау материалдары бойынша клиникалық зертханалық зерттеулердің сапасына зертханашілік бақылауды жүргізу. 58. Жүйе зертханалық жабдықпен өзара іс-қимылды қамтамасыз етеді (жолдамаларды зерттеуге экспорттау, зерттеу нәтижелерін импорттау): – ЗАЖ-ға қосылу мүмкіндігі бар анализаторлар мен сынама дайындау станцияларын қосу Ақылы негізде жекелеген қосымша келісімдермен реттеледі; – өзара әрекеттесу интерфейсі бар анализаторларға тапсырмаларды жіберу; – анализаторлардан нәтижелер алу және оларды тапсырыстар бойынша бөлу. 59. Жүйе медициналық ұйымның ресурстары туралы мәліметтерді жүргізу бөлігінде мынадай функционалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етеді: – медициналық ұйым, медициналық қызметкерлер, медициналық ұйымның функционалдық құрылымы туралы ақпаратты көрсету және тіркеу; – медициналық ұйым қызмет көрсететін оқу орындарының тізілімін жүргізу; – медициналық ұйым қызмет көрсететін кәсіпорындардың тізілімін жүргізу; – медициналық ұйымда көрсетілетін қызметтер мен операциялардың номенклатурасын жүргізу; – сақтандыру компанияларының тізілімін жүргізу; – бөлімшелер, палаталар, бейіндер тұрғысынан төсек қорының тізілімін жүргізу – дәрілік заттар мен медициналық бұйымдардың бекеттері мен қоймаларының тізілімін жүргізу. 60. Жүйе Жүйеде қамтылған, сондай-ақ жоғарыда көрсетілген 10-15-тармақшаларда көрсетілген интеграция арқылы алынған деректер негізінде статистикалық және аналитикалық ақпаратты алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Интеграция арқылы алынған деректер олардың үздіксіз және тұрақты жаңартылуы үшін сыртқы жүйелерден қызметтердің қолжетімділігін ескере отырып, есептерде көрсетіледі. Өнім беруші нормативтік құқықтық актілердегі және әдістемелік құжаттардағы өзгерістерге сәйкес есеп беру нысандарын өзектендіреді. Жүйе мынадай есептік нысандарды қалыптастыруды қамтамасыз етеді. Қалыптастырылған есепті келесі форматтардың біріне түсіруге немесе басып шығаруға болады: xls, doc, pdf: – қабылдауға жазылған, қабылданған пациенттер, қабылдау кезінде көрсетілген қызметтер, зертханалық және диагностикалық қызметтер бойынша: Қабылдауға жазылған пациенттер журналы; Қабылданған пациенттер бойынша есеп; Қабылдау кезінде жүргізілген қызметтер бойынша есеп; Қабылдау жазбасы бойынша орындалған қызметтер тізбесі; Консультациялық-диагностикалық көмек шеңберінде орындалған қызметтер бойынша есеп; Орындалған ҚДҚ туралы есеп; Орындалған зертханалық зерттеулер журналы (нәтижесіз); – медициналық ұйымға бару құрылымы бойынша, оның ішінде жүгіну себептері бойынша: Емханада (амбулаторияда), диспансерде, консультацияда және үйде болуды есепке алу ведомосы; Емхана (амбулатория), диспансер, консультациялар дәрігерлерінің жұмысы; Амбулаториялық-емханалық қызметтің есебі (1.2-нысан); – дәрігерлердің активтері мен үйге шақыруы бойынша: Дәрігер, пациент, учаске бойынша активтер (ашық, қабылданған, орындалған, күші жойылған) туралы есеп; Активтерді тіркеу және орындау уақыты туралы есеп; – консультацияларға, диагностикалық және зертханалық зерттеулерге жазылған жолдамалар бойынша: Қызметтер, қаржыландыру көздері бойынша құрылған жолдамалар (ішкі, сыртқы) туралы есеп;

Зертханалық зерттеулерге арналған жолдамалар саны бойынша есеп; Зертханалық зерттеулерге арналған жолдамалар журналы; – берілген уақытша еңбекке жарамсыздық парақтары туралы есеп; – емдеуге жатқызуға арналған жолдамалар, стационарда болу нәтижелері бойынша, оның ішінде стационарда қайтыс болғандар бойынша статистика: МСАК учаскелік дәрігерлері бойынша емдеуге жатқызу және жіберу, оның ішінде жоспарлы емдеуге жатқызу туралы есеп; Науқастардың стационарда болу нәтижелері бойынша ақпарат; Стационарда қайтыс болғандар бойынша есеп. Жүйе төменде көрсетілген жүктеулерді мынадай критерийлер бойынша қалыптастыру мүмкіндігін ұсынады: өңір, медициналық ұйым және кезең. Жүктеу Excel-де құрылуы керек және қажетті тұрғыда жүктеу кезінде мәліметтер негізінде ақпарат алу үшін Excel көмегімен жиынтық кестелерді сүзу, сұрыптау және құру мүмкіндігін қамтамасыз ету үшін жеткілікті деректер құрамын қамтамасыз етуі керек: – сырқаттанушылық, оның ішінде жарақаттар және созылмалы аурулардың негізгі 25 тобы бойынша: Жасына қарай сырқаттанушылықтың мониторингі; Жасы бойынша сырқаттанушылықты тізімдік жүктеп шығару; Созылмалы аурулардың негізгі 25 тобы бойынша динамикалық байқауда тұрған пациенттерге бару мониторингі; Созылмалы аурулардың негізгі 25 тобы бойынша динамикалық байқауда тұрған пациенттерге жүргізілген амбулаториялық-аспаптық қызметтердің мониторингі; МСАК ұйымдарында созылмалы аурулардың негізгі 25 тобы бойынша пациенттерге динамикалық байқау мониторингі; – диспансерлік есепте және ауруларды басқару бағдарламасында есепте тұрған пациенттер бойынша; Д-есепте тұрғандар; АББ бойынша есепте тұрғандар саны; АББ бойынша есепте тұрғандар тізімі; – амбулаториялық көрсетілген қызметтер бойынша, оның ішінде БТЖ және ЖБНҚК-ға қызметтерді жөнелту мәртебесі туралы қызметтер бойынша: төлем жүйесіне жіберілген қызметтер саны; Төлем жүйесіне жіберілген қызметтер тізімі (бір ай үшін); ЖБНҚК-ға жіберілген қызметтер саны; ЖБНҚК-ға жіберілген қызметтер тізімі; – балалар скринингтері бойынша жиынтық жүктеу түрінде скринингтік тексерулерден өту туралы: Балалар жиынтық скринингтер (0-ден 17 жасқа дейінгі балалардың қаралған контингентінің жас құрамы), Балалар жиынтық скринингтер (балалардың профилактикалық (скринингтік) тексерулері, Балалар жиынтық скринингтер (Қаралған балалардың жыныстық-жас құрылымы), Аудиологиялық скрининг; – Артериялық гипертензияны, жүректің ишемиялық ауруын, қант диабетін, глаукоманы, колоректальды обырды, жатыр мойны обырын, сүт безі қатерлі ісігі, асқазан-ішек аурулары - ішек жолдары, тыныс алу органдарының аурулары, созылмалы бүйрек аурулары, простата обыры ерте анықтау үшін ересектерге арналған скрининг түрлері (оның ішінде ауылдық скринингтер) жиынтық және тізімдік жүктеу түріндегі скринингтік тексерулерден өту туралы; – стационар көрсеткіштері: жоспарлы және шұғыл емдеуге жатқызу, өлім-жітім, РҚТБ-да 5 тәуліктен артық болу, хирургиялық белсенділік, науқастарды уақтылы шығарудың және осы мәліметтерді СНЭТ-қа жіберудің мониторингі; РҚТБ-да 5 тәуліктен артық болу; Хирургиялық белсенділік; Жалпы өлім-жітім; Уақтылы шығармау; СНЭТ-ке шығару үзінділерін жіберу мониторингі, 5 тәуліктен астам дене қызуы 38 градустан жоғары науқастар, Стационарда ұзақ емделіп жатқан пациенттер тізімі (20 төсеккүннен артық); – жүйені пайдаланушылар бойынша, дәрігерлер/ОМҚ, сондай-ақ қолжетімділік құқықтары тұрғысынан статистика: ұйымдар бойынша пайдаланушылар саны (дәрігерлер/ОМҚ); ұйымдар бойынша пайдаланушылар тізімі (дәрігерлер, ОМҚ), Жүктеу: Қолжетімділік құқықтары мониторингі; – нозология бойынша (хирургия, нефрология, неврология, урология, ревматология, эндокринология): МСАК бойынша нозология диагнозы бар пациенттердің саны мен тізімі; стационарлар бойынша нозология диагнозымен емдеуге жатқызылған пациенттердің саны мен тізімі; стационарлар бойынша нозология диагнозымен шығарылған пациенттердің саны мен тізімі; – қолданылған дәрілік заттар мен медициналық бұйымдар бойынша статистика. «Drill-down» технологиясын пайдалана отырып, деректерді көру мүмкіндігімен кестелер түрінде

